**Д. А. Мергембаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі**

### **ӘЙЕЛДЕРДІ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС МАҚСАТЫНДА САУДАҒА САЛУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ**

*Аннотация. Мақала жезөкшелікпен айналысқаны үшін қылмыстық жауаптылық көздеуге және әйелдерді саудаға салуға жол бермеуіне арналады.*

*Түйін сөздер: жезөкшелік, әдеп, мораль, этика, ұлттық, қылмыс, жауаптылық.*

Жезөкшелік — адамзат дамуының алғашқы кезеңінен бастап, күні бүгінгі дейін келе жатқан аса күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол — заңмен бірге өсіп өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса сол жерде тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Жезөкшелікке қатысты қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі бұрыннан белгілі әлеуметтік-экономикалық, медициналық, моральдық-этикалық, құқықтық зардаптарымен қатар мемлекеттің атақ абыройына, ұлттық намысына тигізер зияндары бірнеше рет ашық көрсетіліп, ұлттық сана мен психологияны да өзгерістерге ұшырататындығы дәлелденді.

Мемлекетімізде бірнеше ғасырлық отаршылдық езгі кезеңінде еліміздің әлеуметтік өмірінен орын алған моральға жат, ертедегі қазақ қоғамында бой көрсетпеген жезөкшелік тәрізді әлеуметтік кеселдерге қарсы күрес жүргізілсе де, бұл мәселе күні бүгінге дейін түбегейлі шешілген жоқ.

Жезөкшелік қазіргі қоғамымызда түрлі қылмыстармен қосылып күрделеніп, қауіптілігі арта түскендіктен, заңнама саласында бірталай мәселе тудырып отыр. Осыған орай қазіргі кезде ғалымдардың ой-пікірлері әртүрлі.

Мәселен, М. Селезнев өз оқулығында «қазіргі қоғамда секс — тұтынудың жалпы жүйесіне енетін тауар мен қызметтің бір түрі болып табылады. Жезөкшеліктің өркендеуіне үлкен әсер ететін қоғамның тым ашықтығы, халықтың тәртіпсіз миграциялануы»<sup>1</sup> — деп көрсетеді. Бұған шетелдіктердің еш шектеусіз енуіне байланысты олардың тірі тауарларды өз елдеріне алып барып, арнайы притондарда ұстауын жатқызуға болады.

Көптеген ғалымдар жыныстық жолмен жұғатын ауруларды тарататын жезөкшелікпен күресу үшін «адамгершілік полициясын» құру қажет деп есептейді.

Кейбір ғалымдар жезөкшеліктің мәні мен ерекшеліктерін қарастыра келе «онымен күрес жүргізуді қылмыстық іздестіру және басқа да жедел аппараттарға жүктеген оңды болар еді», — дейді.

1949 жылдың 7 шілдесінде БҰҰ Бас Ассамблеясы «Әйелдер проблемасы» адамдарды саудаға салумен және 3-ші тұлғалардың жезөкшелікті пайдаланумен күрес жөніндегі конвенция қабылданып талқыланса, 1997 жылдың сәуір айының 24-26 күндері Нидерланды

Үкіметінің бастамасымен Гаага қаласында Еуропа Достастығы басшылық жасаған конвенцияда: «Әйелдерді жыныстық қатынас мақсатында саудаға салуға жол бермеу» туралы арнайы декларация қабылданды.

Әлемдегі жезөкшелікпен күресу тәжірибесіне назар аударсақ, көпшілігінде бұл құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, ал кейбір елдерде қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

Бүгінгі күні жезөкшелік үшін қылмыстық жауаптылық біраз елдерде, атап айтқанда: Ауғанстанда, Аргентинада және АҚШ-тың Нью-Йорк штатында, Венгрияда, Румынияға дейін сақталған. Ал Иранда жезөкшелікпен айналысу үшін өлім жазасы бекітілген. Қытайда жезөкшелікпен күресу туралы арнайы заң бар. Осы заңға сәйкес ең жоғары жазалау шарасы, яғни осы кәсіппен айналысуға тартқан үшін өлім жазасы қарастырылған. Жазаға жеңгетайдан бастап жезөкшеге дейін тартылады. АҚШ-тың Федералдық заңы бойынша әскери бөлім маңында жезөкшелікпен айналысқан үшін мың долларға дейін айыппұл немесе бір жылға дейін түрмеге қамау белгіленген. Египет заңдылығына сәйкес, қоғамдық орында сүйіскені үшін екі адамды да екі жылға бас бостандығынан айыру көзделген. Ал некесіз жыныстық қатынасқа түскен үшін кем дегенде үш жыл түрмеге қамау көрсетілген. Жезөкшелік құбылысы біздің халқымыздың әлеуметтік қоғамдық өміріне ХХ ғасырдың ІІ жартысынан кейін ене бастады да, қазіргі кезде мықты орнығып алды.

Бұрын қазақ қоғамында жезөкшелік орын алмағандықтан, бұл құбылысқа байланысты қылмыстардың да орын алуы мүмкін емес еді. Сондықтан ертедегі қазақ қоғамындағы «Әдет» заңдарында оларға жаза түрлері қарастырылмаған.

КСРО кезінде мұндай кәсіппен айналысқандарды тек әкімшілік жауаптылыққа тартқан. Қазіргі Ресейдің Азаматтық кодексінде жезөкшелік үшін жауапқа тарту туралы арнайы бап қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңында жезөкшелікпен айналысуға тарту (270-бап), жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық (271-бап) қылмыстарына жауаптылық белгіленгенімен, бұл құбылыстар қоғамдық-әлеуметтік өмірімізде кең таралған.

Бұл қылмыстың қауіптілік дәрежесіне байланысты бірнеше қаулылар мен заңдар шығып, өзгерістер енгізілді.

1959 жылы Қазақ ССР Қылмыстық кодексі бойынша жезөкшеліктің жәбірленушісі тек қана кәмелетке толмағандар болып танылса, Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі бойынша 270-бапта көзделген қылмыстың жәбірленушісі 18-ге толған кез келген жынысты адамдар болып танылады. Себебі, кодекстің 132-бабында кәмелетке толмаған адамды жезөкшелік іс-әрекеттер жасауға тартқан үшін жеке жауаптылық белгіленген.

Елбасымыздың 2002 жылғы Қазақстан халқына Жолдауындағы «Біз қабылданған көптеген заңдар заңға тәуелді қажетті қосымша актілердің жоқтығынан толық күшінде жұмыс істемейді» деген сөздерін жоғарыда аталған құбылыстар мен құқықтық күрес саласына да қатысы бар деп білемін.

Қолданыстағы қылмыстық заңның кейбір нормалары қазақ қоғамындағы «Әдет» заңдарына, ұлттық салт-дәстүріне сәйкес келмейтіндігі байқалады. Солардың қатарына жезөкшелікке байланысты қылмыстарды жатқызуға болады. Сондықтан қазіргі қылмыстық заңдарды жетілдіру және олардың қылмыстық істерді жүргізуге қолдану деңгейін арттыруда ой-пікірім біздің қоғамымызбен халқымыздың өзіндік болмыс бітіміндегі ерекшелігі ескеріліп, кодекстің 270-бабында көрсетілген анықтамаға «жезөкшелікпен айналысу» деген қосымша толықтырулар енгізсе, оны қолдануға сөзсіз болатын еді.

<sup>1</sup> Селезнев М. Проституция как антисоциальное явление. — М., 2002.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается занятие проституцией как преступление, а также вопрос профилактики торговли женщинами.

## RESUME

The article deals with prostitution as a crime, as well as the issue of prevention of trafficking in women.

УДК 343.132

**Проконова А. А., старший научный сотрудник центра по исследованию проблем расследования преступлений НИИ Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, магистр юриспруденции**

### **К ВОПРОСУ О ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЙ РЕГЛАМЕНТАЦИИ ДОПРОСА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКИХ СРЕДСТВ В РЕЖИМЕ ВИДЕОСВЯЗИ**

*Аннотация. В статье освещены некоторые проблемные вопросы законодательной регламентации допроса с использованием НТС в режиме видеосвязи и авторское видение процессуального механизма его проведения.*

*Ключевые слова: видеосвязь, допрос с использованием НТС, досудебное производство, научно-технические средства, нововведения в УПК, процессуальные гарантии, режим реального времени, упрощение порядка, эффективная процедура.*

Принятие нового Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан позволяет по-новому взглянуть на процесс расследования уголовных дел, который стал более динамичным, способным обеспечить оперативность, эффективность и упрощение порядка досудебного производства. Одной из новаций УПК является расширение сферы применения научно-технических средств (далее — НТС) при производстве следственных действий, в частности, производстве допроса в режиме видеосвязи (ст. 213 УПК).

Считаем, что введение данной инновации в организацию допроса свидетеля (потерпевшего) в уголовном процессе обусловлено необходимостью разрешения проблем несвоевременности явки (доставки) свидетелей в установленное время что (зачастую является причиной длительности расследования уголовных дел, и, как следствие, нарушения прав и законных интересов участников процесса), а также уменьшения временных и материальных затрат на извещение свидетелей, находящихся на значительном удалении от места расследования дела, организацию командировок и выезд лица, производящего расследование, к месту нахождения потерпевшего (свидетеля).

Однако несмотря на многочисленные преимущества допроса с использованием НТС в режиме видеосвязи, его законодательное закрепление в положениях УПК требует доработки.

Сравнительный анализ нового УПК Республики Казахстан с уголовно-процессуальным законодательством Эстонии, Украины и нововведениями в уголовный процесс Российской Федерации показал, что случаи использования допроса с использованием НТС в режиме видеосвязи можно сократить, изложив второй абзац ч. 1 ст. 213 нового УПК в следующей редакции: «...**Дистанционный допрос производится при невозможности своевременного, непосредственного прибытия лица в орган, ведущий уголовный процесс, по месту расследования, по причине его отдаленного проживания (нахождения) либо если его непосредственный допрос связан с излишними сложностями или затратами, а также для обеспечения безопасности лица**».

Изложение нормы в данной редакции позволит исключить из списка оснований производства дистанционного допроса случаи, в которых его производство не требуется (невозможность непосредственного прибытия лица в орган, ведущий уголовный процесс, к месту расследования (рассмотрения) уголовного дела по состоянию здоровья или другим уважительным причинам; проведение допроса малолетнего или несовершеннолетнего свидетеля, потерпевшего; необходимость обеспечения соблюдения сроков досудебного расследования, судебного рассмотрения дела), так как все указанные случаи охватываются допросом, проводимым в обычном порядке с условием выезда лица, осуществляющего расследование, к месту нахождения лица (дом, работа, больница).

В подтверждение нашей позиции следует отметить, что организация допроса с использованием НТС в режиме видеосвязи — довольно трудоемкая процедура, состоящая из нескольких этапов, к которым относятся:

- 1) выяснение возможности участия свидетеля в проведении следственного действия;
- 2) определение места и времени допроса, а также технических возможностей проведения следственного действия;
- 3) направление отдельного поручения в орган досудебного расследования по местонахождению свидетеля (потерпевшего);
- 4) проверка соединения посредством сети Интернет между подразделениями<sup>1</sup>.

Указанное позволяет сделать вывод, что случаи его производства должны быть специфичными и применяться в крайнем случае, при невозможности производства допроса в обычном порядке.

Еще один аспект, на который следует обратить внимание, — четкая регламентация производства допроса и действий лиц, участвующих в нем. Перед тем как изложить наше видение редакции ч. 3 ст. 213 УПК, приведем несколько доводов в поддержку авторской позиции.

Из текста статьи видно, что ход и результаты следственного действия отражаются в протоколе, составляемом органом досудебного расследования, исполняющим поручение. Протокол после его подписания направляется лицу, осуществляющему расследование<sup>2</sup>. Этим законодатель ограничил изложение процедуры допроса.

Считаем, что в данном случае целесообразно в ч. 3 ст. 213 сделать ссылку на ст. 210 УПК РК «Общие правила производства допроса», которая позволит избежать разночтений в ходе применения положений статьи, регламентирующей дистанционный допрос. При этом нельзя забывать, что указанное следственное действие является специфическим, отличается от ранее действующих процедур, поэтому необходимо отразить особенности его проведения в тексте статьи более детально, чем указано законодателем в настоящий момент.

Допрос с использованием НТС в режиме видеосвязи позволяет лицу, осуществляющему расследование, производить допрос в режиме реального времени — в прямой трансляции, непосредственно воспринимая показания допрашиваемого лица (ч. 1 ст. 213 УПК РК). Данная технология позволяет проводить допрос в таком качестве и звуке, что он не будет иметь резких отличий от допроса в обычном порядке, поэтому не видим сложностей в производстве допроса и оформлении его результатов лицом, инициирующим допрос. Такой порядок допроса намного ускорит процесс оформления хода и результатов следственного действия и, тем самым, откроет новые возможности производства дистанционного допроса, который в настоящий момент больше напоминает допрос свидетеля, потерпевшего в рамках отдельного поручения с удаленным присутствием инициатора следственного действия.

Более верным, на наш взгляд, было бы наделить лицо, которому поручен допрос, только организационными функциями, к которым можно отнести:

- определение времени и места допроса;
- обеспечение вызова или явки лица для производства следственного действия;
- установление личности допрашиваемого лица;
- вручение, при необходимости, памятки о разъяснении прав, в том числе права ознакомления допрашиваемого лица с протоколом допроса посредством личной явки или направления его по почте, а также предупреждения об уголовной ответственности;

- обеспечение, при необходимости, переводчика, адвоката;
- получение от допрашиваемого лица материалов, которые могут быть приобщены к допросу;
- производство, при необходимости, видеофиксации хода допроса;
- отправка электронного носителя с записью допроса с приобщенными к нему материалами инициатору допроса.

Однако их внесение в текст статьи необязательно, поскольку усложнит процессуальную норму и может быть оговорено в подзаконных нормативных актах либо в комментариях к статье. Более подробно варианты решения проблемы мы постараемся осветить в следующих работах.

Возвращаясь к изложению процедуры допроса в положениях УПК, хотелось бы предложить альтернативу существующему порядку производства допроса – более упрощенную процедуру, позволяющую получить результаты допроса непосредственно после его окончания. Это станет возможным посредством оглашения инициатором следственного действия протокола допроса допрашиваемому лицу и при его согласии, а также при отсутствии замечаний и дополнений, заверения протокола подписью лица, инициировавшего допрос.

При всей простоте механизма в данном случае процессуальные гарантии достоверности и допустимости сведений, полученных таким путем, не сокращаются, так как гарантии обеспечиваются на момент личного ознакомления допрашиваемого лица с материалами допроса либо при получении копии допроса, высланной ему по почте, о чем он может ходатайствовать в ходе проведения допроса. Еще одной гарантией обеспечения прав допрашиваемого лица может стать двусторонняя фиксация хода допроса, позволяющая при необходимости посредством соответствующих экспертиз исключить определенный круг сомнений.

На наш взгляд, изложение данной процедуры может найти свое отражение в следующей редакции ч. 2 ст. 213: **«Производство допроса в режиме видеосвязи осуществляется по правилам статьи 210 настоящего Кодекса, с обязательным осуществлением видеозаписи. Перед началом допроса лицо органа досудебного расследования, исполняющее поручение, удостоверяет личность допрашиваемого лица.»**

**Протокол дистанционного допроса составляется с соблюдением требований статьи 199 настоящего Кодекса и оглашается допрашиваемому. Требования допрашиваемого внести в протокол дополнения и уточнения подлежат обязательному исполнению. Факт ознакомления с показаниями и правильность их записи отражаются в протоколе и заверяются подписью лица, осуществляющего досудебное расследование. Допрашиваемое лицо вправе ходатайствовать о личном ознакомлении с протоколом допроса либо получении его копии по почте.**

**Полученные в ходе проведения допроса материалы направляются лицу, осуществляющему расследование для приобщения к материалам уголовного дела».**

Приведенное видение производства допроса с использованием НТС в режиме видеосвязи является авторской позицией и требует дальнейшего развития. Нами осуществлена попытка создания оптимальной методики дистанционного допроса в процессе расследования уголовных дел без ущерба для процессуальных гарантий, защищающих права допрашиваемого лица.

Несомненно, изложенные выше положения, касающиеся процессуальных аспектов и организации проведения допроса с использованием НТС в режиме видеосвязи, будут эффективны только при наличии технической возможности во всех органах досудебного расследования республики.

Стремительное развитие науки и возможность применения ее результатов в уголовном судопроизводстве требуют от законодателя своевременного совершенствования процессуальных процедур. Оптимальная адаптация технологии видеосвязи в уголовное судопроизводство позволит не только сократить сроки и материальные затраты на организацию и осуществление процессуальных действий, но и расширит возможности следователя посредством дистанционного производства следственных действий в режиме реального времени.

- <sup>1</sup> Подробнее см.: Прокопова А. А. Использование средств видеоконференцсвязи при проведении следственных действий как одно из направлений совершенствования процесса расследования // Актуальные вопросы современной науки: Мат-лы междунаро. науч.-практ. конф., посвященной 90-летию Б. С. Бейсенова. — Караганда, 2013. — С. 184.
- <sup>2</sup> Статья 213 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан: Практ. пос. — Алматы, 2014. — С. 158.

## ТҮЙІН

Мақалада бейнебайланыс тәртібінде ҒТҚ-ны пайдаланып жауап алудың заңнамалық реттелуінің кейбір проблемалық мәселелері қаралған және оны жүргізудегі процессуалдық механизмнің авторлық болжамдары келтірілген.

## RESUME

The article highlights some of the problematic issues of legislative regulation of interrogation using scientific and technical means in video mode and shows the author's vision of the procedural mechanism for its implementation.

ӘОЖ 347(075.8):378

**А. Б. Рахметуллаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының ІІО басқару кафедрасының оқытушысы**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЗАҢСЫЗ ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аннотация. Мақалада автор заңсыз есірткі айналымына қарсы күресу мәселелерін қарастырады.*

*Түйін сөздер: құқық, қылмыс, есірткі, нашақорлық, психотроптық заттар, есірткі бизнесімен күрес.*

Есірткі заттар бұл адам өміріне, әсіресе жасөспірім шақта психикалық және тәндік тәуелдікке әкеліп соқтыратын зардаптарына байланысты олардың денсаулығына едәір қауіп төндіретін өсімдіктер, есірткі құрамдас немесе психотроптық заттар. Есірткілерді қолдану психикалық және тәндік тәуелдікке, адам тұлғасының кейде азғындалуға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына әкеліп соғады (есірткі тұтынуға байланысты ауруларға және асқынуларға) және өміріне қауіп төндіреді. Есірткі қолданатын жасөспірімдер мен жастар өздерін қоғамға және заңға қарсы қояды, олардың болашағы жоқ.

Елімізде жыл сайын арта түскен нашақорлардың саны кімді болсын бей-жай қалдырмайтыны белгілі. Ішкі істер министрлігі тарапынан нақты шаралар қабылданып, ауқымды жұмыстар жасалып, есірткі заттарды елімізге келу жолдарына тосқауыл қойылып жатыр. Есірткі заттарды таратумен байланысты қылмыстардың бірі болып халықтың денсаулығына зиян тигізетін құқыққа қарсы әрекеттер жатады. Бұл қылмысқа қарсы күресу мемлекеттің ішкі саясаты ретінде табылып құқық қорғау органдарымен азаматтардың құқығын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғауға бағытталады. Мемлекеттердің ішіндегі өз азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмауы экономикалық-әлеуметтік және мемлекеттің мәдени дамуына әсерін тигізуі — ұлттық мекемелердің бірлестігі мемлекеттің Жолдауында көрсетілген.

Қазақстан Республикасының үкіметі заңсыз есірткі заттарды айналымын өзекті мәселе ретінде қарастырып, онымен күресу іс-шараларын өткізуде. Бұл жайында қаралған мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының халықаралық жүйеде заңсыз есірткі заттарды



айналымына қарсы күресуге қатысады. Қазақстан Республикасының «Есірткі заттары, психотроптық заттар, прекурсорлар және заңсыз есірткі айналымына қарсы күресудің шаралары» Заңы 1998 жылы 10 қазанда қабылданды<sup>1</sup>.

Үкіметтің тізімімен бекітілген психотроптық заттар және прекурсорлар, есірткі құралдары, Қазақстан Республикасының бақылауына жататын болып көрсетілді.

Сондықтан есірткі заттарға және есірткі бизнесіне қарсы күресуде басқа елдермен бірлесіп қызмет атқару үшін тиімді нормативтік құқықтық базасы құрылды. Қазақстан Республикасының барлық мекемелерімен, құрылымдарымен, қоғамдық қозғалыстарымен бірлесіп есірткі таратуға қарсы күрес әлеуметтік-экономикалық бағыттарды көтеруге жақсы әсерін тигізуде.

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша жоспарланған жұмыстар атқарылуда. Жұмысты одан әрі жалғастыру үшін 2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес бағдарламасы бекітілген. Бағдарламаның негізгі мақсаты — нашақорлықпен заңсыз айналымды теріс пайдаланушылықтың өсуін тоқтатумен Қазақстан Республикасында тұрғындар арасында есірткі таратуды болдырмау жағдайын жасайтын іс-шараларды қарастыру, жетілдіру болып табылады<sup>2</sup>.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Үкіметке берген тапсырмасында есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы күресу ашық көрсетілген. Соңғы жүз жылдықта есірткі өзінің маңыздылығын химиялық препараттар арқылы көтеріп, адамдардың денсаулығына және мемлекетке қауіптілік тудырды<sup>3</sup>. Мемлекеттің есірткіге қарсы жүргізген белсенді саясатының тиімділігі төмен болып отыр. Бірақ есіркінің заңсыз айналымына қарсы әрекетті дұрыс түрде ұйымдастыру, көбінесе қылмыстың алдын алуына әсерін тигізуде. Құқық қорғау органдарының өздерінің алға қойған мақсаттарымен жақсы нәтижеге жетуі, есірткі айналымына күресудің көптеген нәтижесін береді. Біздің көзқарасымызда халықаралық есірткі қылмысына қарсы әрекет жүйесі құқықтық, материалдық, техникалық жағдайларға сүйеніп жасалады. Мұндай кезде есірткі қылмысының мөлшерін азайтудың тиімді жағдайлары, мемлекет ішінде күресу көп нәтижесін бермейді. Сондықтан орталық Азия мемлекеттерінің бірлескен келісімінің саясаттары есірткіні бақылаудың тиімді жолдарын ашып береді. Мемлекеттің және қоғамның дамуын зерттеудің көкейкесті мәселелері қылмыстардың себебін және жағдайын, қылмысқа қабілеттілік тудыратын мәселелерді айқындайды. Халықаралық есірткі қылмысын ашу және тергеу ТМД елдер арасында құқық қорғау органдарының бірлесіп қызмет жасауы қызметкерлердің кәсіптік деңгейін арттырады. Көрші және шетелдердің тәжірбесін қолдануға септігін тигізеді.

Біздің пікіріміз бойынша, халықаралық есірткі қылмысына әрекет саяси құқықтық және қаржылық сипатқа байланысты болып келеді. Халықаралық есірткі қылмысымен күресу шаралары — бірлесу және жүйелік қызмет болып екіге бөлінеді. Мұндай бөлінуді жүйелі қабылдау және бағалауды мемлекеттің басты назарын аударады. Соған байланысты есірткі қылмысының халықаралық деңгейде күресудің басты себептерін және жағдайларын туындатады. Құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар ТМД елдер арасында өзінше бөлек қарама қарсы әрекет болып танылады. ТМД елдер арасында халықаралық есірткі қылмысына қарсы күресу Қазақстан Республикасы басты стратегиялық жетістігі болып есептеледі. Бүгінгі күні заңнамалық және басқа құқықтық базалар құрылуда. Жеке ғылыми зерттеулердің тиімді нәтижелері бұл қылмысқа қарсы күресудің басқа да әдістерін, тәсілдерін ойлап табуға бағыттайды. Бірлесіп осы қылмысқа қарсы күресу; субъекті жүйелерінің жұмысын арттыруға; олардың қызметтерінің келісім арқылы жасалуы; тапсырмаларды шешу, қызметтермен ведомстволар бірлесіп қызмет етуі, мемлекеттердің мүдделерін қорғайды. Бірақ мұндай шараларды жүргізу қиындықтарды туындатады және қаржылық жағдайлар әсерін тигізеді. Халықаралық есірткі қылмыстарының дамуына талдау жасау, оған қарсы күресудің мемлекеттер арасындағы құқық қорғау органдарының жұмыстарының нәтижесін

көрсетеді. Әзірше бұл бағыттағы шаралар тұрақты емес, бірақ осындай шаралардың жүзеге асуы саяси шешімдерді және құқықтық базаны құруға бағыттайды.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралар туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі № 279 Заңы. // online.zakon.kz

<sup>2</sup> Қазақстан полициясы. — 2009. — № 7 (143). — 10-б.

<sup>3</sup> Назарбаев Н. Ә. 10 жылдықтың сыны. — Алматы, 2003. — 111-б.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые аспекты стратегии борьбы с наркобизнесом в Республике Казахстан.

## RESUME

The article discusses some aspects of the strategy to combat drug trafficking in Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 342

**С. М. Сансызбайқызы, М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, заң ғылымдарының кандидаты**

### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аннотация. Мақаланың өзектілігі жоғары заң білім беру жүйесінің мүмкіндіктеріне ғылыми теориялық талдау жасау қажеттілігімен айқындалады. Осы мақсатта жоғары заң білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы зерттелініп, оның үрдісін қалыптастыратын сипаттары, теріс және оң жақтары айқындалып, шетел заң мамандарын дайындау жүйесінің озық тәжірибелеріне шолу жүргізіледі.*

*Түйін сөздер: заңтану, заң саласының мамандарын дайындау, білім беру жүйесі, құқық саласы, университет.*

Кейбір өркениетті қоғамдағы құқықтық сананың негізі, қайнар көзі кәсіби құқықтық білім беру жүйесі болып табылады. Елдің жоғары кәсіби білім беру жүйесінің бөлігі болып табылатын жоғарғы заң білімі, түрлі нысанда мамандандырылған әлеуметтік институттар – жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып, стандарттар, білім беру бағдарламалары және басқа да құжаттар түріндегі мазмұндық элементтерден құрылады. Осы тұрғыда жоғары заң білімі, қоғамның білім беру мәдениетінің бөлігі ретінде білім беру жүйесінің қызметі және дамуы заңдылықтарына бағынады.

XX ғасырдың соңынан бастап, тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан Республикасында саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларда түбегейлі өзгерістер жасалды. Бұл өзгерістердің барлығы құқық жүйесінің реформасымен қатар өрбіді. Құқықтық саладағы өзгерістердің тиімділігі, олардың қоғам алдындағы міндеттерге сәйкестігі қоғамның болашақ мамандарының құқықтық мәдениетінің дәрежесіне тығыз байланысты. Осы орайда, Қазақстан Республикасында білім сапасын көтеріп, әлемдік білім беру кеңістігіне ену мәселесі қойылып отыр.

Болон жүйесінің принциптеріне сәйкес заң білімі ортақ, біртұтас бола отырып, қоғам құрылымының қажеттіліктеріне және қоғамдық қатынастардың даму процесіне сәйкес болуы маңызды. Жоғары оқу орнының беделі, бітірушінің еңбек нарығындағы сұранысқа сай болып алынған білімдерін жетілдіріп, шындығынан көрінеді. Қазіргі таңдағы негізгі мәселе — бұл

заң мамандығының бакалаврларының жұмысқа тұру мәселесі. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында өткен Заңдылықты қамтамасыз ету, құқықтық тәртіп және қылмыспен күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысында Астана қаласының әкімі И. Тасмағамбетов, жоғары оқу орындарында заңгер мамандығын бітіргендердің 98 пайызы Астанада сұранысқа ие емес деп мәлімдеген болатын<sup>1</sup>.

Заң саласында білім беретін жоғарғы оқу орындарының көбею үрдісі ХХ ғасырдың 90-жылдарында нарық және кәсіпкерліктің дамуы, саяси өмірдің өзгеруі, заңнамалық үрдістің артуы, қылмыстың көбеюі және құқық шеңберінде осы ағыммен күресу қажеттілігінен туындаған болатын. Ал қазіргі кезеңде осы мәселе заңгерлер арасында жұмыссыздықты туындатып отырған дүние.

Заңгер мамандығы бойынша жұмыс тапшылығының тағы бір жағы, еліміздегі жекешеленген жоғары оқу орындарында, сондай-ақ барлық аймақтардағы жоғары оқу орындарының ішінде құқықтану мамандығы бойынша білім беретін оқу орындары санының көптігіне байланысты. Болашақ заң мамандарын дайындықтан өткізетін жоғары оқу орындарын, барлық университеттер ішінен таңдап іріктеп, еліміз бойынша 2-3 орталық қалдырған дұрыс сияқты. Жалпы, еңбек нарығында жұмыс берушілердің талабын ескере отыра, білімді мамандар даярлау маңызды дүние. Еліміздегі көбейіп кеткен кішігірім жекешеленген оқу орындарының дайындық бағыты мүлдем басқа бола отырса да, олардың әрқайсысында құқық заң факультеттері немесе тарих, әлеуметтану факультеттерінің шеңберінде құқық мамандығы оқытылады. Осы орайда, заңгер дайындау ісін тек қана дайындық бағыты осы салаға сәйкес келетін оқу орындары ғана іріктеліп алынғаны дұрыс сияқты.

Екіншіден, қазіргі таңдағы заң факультеттерін бітірген түлектердің білім деңгейінің төмендігі. Осы мәселенің себептерінің бірі — қашықтықтан оқыту түрі. Автор, ғалым Е. О. Алауханов «Қашықтықтан оқып жүріп заңгер болу, тіпті мүмкін емес»<sup>2</sup> деген пікірімен толық келісе отырып, тек қана күндізгі оқу бөлімінде білім беру негізінде ғана жетік заңгерлер дайындауға болады деп санайды.

Келесі бір іргелі тоқтала кететін мәселе, бұл — ЖОО студенттердің білім алу кезеңіндегі тәжірибелік дайындығы болып табылады. ЖОО білім бағдарламаларында, білім алу барысында студенттер теориялық білімдермен қатар, тәжірибе тұрғысынан да білімдерін шыңдау көзделген. Егер де, күндізгі оқу бөлімінің студенттері үшін іс-тәжірибе оқу жоспарына сәйкес өткізіліп, студенттердің кәсіби шеберлігін көтеруге ықпал жасаса, сырттай оқу бөлімінің студенттері үшін кейбір жағдайларда жұмыс орнынан анықтама әкелумен ғана шектеледі. Ал көп жағдайларда мұндай студенттердің жұмыс орны заң саласымен байланысты болмауы да мүмкін.

Сонымен қатар ЖОО заңгерлерді дайындаудағы шетел үлгісін қарастырған да маңызды. Атап айтқанда, Германиядағы заң мамандықтары бойынша дайындық университеттерде және құқықтық мектептерде жүргізіледі. Германиядағы жоғары заң білімі екі сатыдан тұрады. Оның ішінде, университетте 3,5 жыл оқу және 2,5 жыл тәжірибеден өту<sup>3</sup>.

Заңмен белгіленген мерзім ішінде университеттің құқық факультеттерінде білім алу барысында міндетті пәндер оқытылады және олардың құрамына азаматтық істер негізі — қылмыстық құқық, яғни бұл пәндердің іс жүргізу бөлімдері. Сонымен қатар бірқатар жалпы білім беру сипатындағы гуманитарлық пәндер оқытылады. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бірінші мемлекеттік емтихан тапсырылып, онда білім алған жылдардың нәтижесі бағаланады.

Бірінші мемлекеттік емтиханды тапсырғаннан кейін екі жылға созылатын дайындық курсы (тәжірибе) өту қажет. Дайындық қызметін үміткер, әкімшілік мекемелер, жалпы юрисдикциядағы соттар, қаржылық соттар, еңбек даулары бойынша соттар, әлеуметтік даулар бойынша соттар, прокуратура, нотариалдық кеңселер, кәсіподақтар, кәсіпкерлер бірлестіктері сияқты түрлі мемлекеттік органдарда атқара алады. Қарастырылған мерзім біткеннен кейін мамандыққа тікелей бағытталған екінші емтихан тапсырылады. Осы сынақтан өткен тұлғалары сот міндеттерін жүзеге асыруға лайықты деп саналады.

Құқықтық мектептердің түлектері, судьялар, нотариустар, қорғаушылар қызметтерін атқара алмағанымен, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, коммерциялық немесе басқа да ұйымдарда заңгер ретінде жұмыс атқара алады.

Бітірушілер дайындық қызметіне (референдариат) қабылданады. Ол бойынша бірқатар ұйымдарда: прокуратура, азаматтық істер және қылмыстық істер бойынша соттарда, әкімшілік органдарда, басқа да ұйымдарда тағлымдамадан өтеді. Тағлымдама мерзімі өткеннен кейін екінші мемлекеттік емтихан тапсырылады<sup>4</sup>. Емтиханның күрделілігіне байланысты бітірушілердің 30 пайызы ғана мемлекеттік емтиханды тапсыра алады.

Америка Құрама Штаттарында заң саласы мамандарын дайындау әдісін қарастырғанда, оқу процесінің ұйымдастырылуы мамандандырылған бағытқа сай болатындығын атап өтуге болады. Заң саласы бойынша білім беретін жоғары оқу орнына қойылатын талаптарды, АҚШ білім министрлігімен уәкілеттілік берілген Американдық заңгерлер қауымдастығы әзірлеп бекітеді. Қазіргі таңда Америка Құрама Штаттарында Американдық заңгерлер қауымдастығынан аккредитациядан өткен 184 заң ЖОО-да бар<sup>5</sup>.

Егер де Германияда заң факультетіне гимназияны бітіргеннен кейін түсуге болатын болса, АҚШ-та 4 жыл бойына колледжде қажетті мамандық алып, бакалавр дәрежесін иемденуі қажет. Магистр дәрежесін немесе құқық докторы атағын алу үшін лицей түлегі кейіннен арнайы тест тапсырып, болашақта заңгер шығады деген үш ұсыныс алып, 2 жыл бойына білім алатын құқықтың арнайы мектебіне түсуі тиіс. Ал заңтану докторы дәрежесін алуы үшін қосымша 3 жыл оқуы қажет. Заң мектептеріндегі білім беру үрдісі тәжірибелік дағдыларды меңгеруге бағытталған және 2 курстан кейін студенттер түрлі заң фирмаларына жұмысқа орналасады<sup>6</sup>.

Ұлыбритания заң саласы бойынша оқу орындарына жыл сайын жүз адамға дейін ғана қабылдайды. Оқу жүйесі негізінен студентпен жеке жұмыс жүргізу нысанына бағытталған. Мысалы, Лондон университетінде оқытушы жеке оқу жоспары бойынша 10 студентпен ғана жұмыс жүргізеді. Ал Оксфорд университетінде 3 студенттен аспайды.

Ағылшын университеттерінде студенттер үш жыл оқудан кейін құқық бакалавры деген дәреже алады. Дегенмен, заң дәрежесін алу кәсіби заңгер ретінде қызмет атқаруға мүмкіндік бермейді. Ол дәреже тек қана бітірушіні гильдия-мектептерде бірқатар құқықтық пәндерді тапсырудан ғана босатады.

Университет қабырғасында заң білімдерін меңгерген тұлғалар, осындай гильдия-мектептердің біріне түсіп, бір жыл мерзім ішінде оқудан өтеді. Бітіру емтихандарын тапсырғаннан кейін бітіруші бір немесе бірнеше барристерлік мекемелерде оқушы болып қабылданады. Жалпы ағылшын заң білімі болашақ қорғаушыларды дайындауға бейімделген.

Заң мамандарын дайындау жүйесін жетілдіру бойынша төмендегідей шараларды ұсынуға болады:

- шетел оқу үлгілерінің озық тәжірибелерін оқу үрдісіне енгізуді жетілдіру;
- заң мамандарын дайындау ісінде оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша материалдарды ұдайы жаңартып отыру;
- құқық саласы бойынша ғылыми зерттеулерді белсендіру;
- біртұтас теориялық және тәжірибелік дайындықты ұтымды ұштастыра білу;
- ғылыми және педагогикалық әлеуетті күшейту;
- ғылыми-зерттеу орталықтар және құқық қорғау орындарымен тығыз байланыста оқу үрдісінің бағыттарын айқындау.

<sup>1</sup> Заңгер мамандығын бітіргендердің 98 пайызы, экономистердің 85 пайызы Астанада сұранысқа ие емес // <http://www.inform.kz/>

<sup>2</sup> Алауханов Е. О. Проблемы юридического образования в Казахстане // Северо-Кавказский юрид. вестн. — 2011. — № 4. — С. 77.

<sup>3</sup> Жалинский А., Рерихт А. Введение в немецкое право. — М., 2001. — С. 86.

<sup>4</sup> Вершинин А. П. Юридическое образование в Федеративной Республике Германии: опыт организации // Правоведение. — 1992. — № 1. — С. 78.

<sup>5</sup> Legal education «Best Practices», Report, United States // [http://www.pilnet.org/component/docman/doc\\_download/11-the-development-of-legal-education-in-the-united-states.html](http://www.pilnet.org/component/docman/doc_download/11-the-development-of-legal-education-in-the-united-states.html)

<sup>6</sup> Sandra R. Klein. Legal Education in the United States and England: A Comparative Analysis // <http://digitalcommons.lmu.edu/ilr/vol13/iss3/5>

## РЕЗЮМЕ

В статье анализируется состояние и проблемы современного юридического образования.

## RESUME

The article is devoted to topical problems of legal education at the present stage.

ӘОЖ 343.2

**Н. С. Сембиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы**

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамаларының кейбір мәселелері және болашағы, сондай-ақ теориялық пысықтауды қажет ететін қылмыстық құқық нормалары қарастырылады.*

*Түйін сөздер: Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы, Қылмыстық кодекс, Конституция.*

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін қабылдағаннан бері де өте ұзақ уақыт өтті және бұл оның артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау, соңғыларын түзету, орын алған және уақыт өте келе пайда болатын олқылықтарды толықтыру үшін жеткілікті мерзім. Бұл мерзім оның тиімділігін ғылыми бағалауға, заманауи қылмыстық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру жайлы толғануға, қылмыстық заңның даму үрдістерін айқындауға негіз болады. Бұл осы кодекстің тәжірибеде қалай қолданылып жатқандығын, оның нені қабылдағандығын, нені қабылдамағандығын және қолданыстағы заңнаманың қандай бағытты бетке ұстағандығын көру үшін тәуір желеу<sup>1</sup>.

Мақаланың мақсаты — қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің олқылықтары мен кемшіліктерін айқындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының ұлықтылық қағидаларын сақтай отырып, әрі қарай теориялық пысықтауды қажет ететін, қылмыстық құқық саласын анықтау болып саналады. Мақаланың аясы Қылмыстық кодекс материалдарының барлығын қамтуға мүмкіншілік бермейді. Сондықтан да қылмыстық құқықтың, менің ойымша, әрі қарай жетілдіруді қажет ететін, тек кейбір қағидаларына тоқталамын<sup>2</sup>.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауаптылық негізі — әлденеше рет қылмыс жасаған кезде қоғамдық қауіптілік жоғарылайтын тұлға емес, әрекет болып есептелетіндіктен, дүркіндіктен бас тарту мақсатты болып көрінеді. Әрекет өзінен-өзі өзінің сипатын өзгертпейді, ол қанша рет қайталанса да, Қылмыстық кодекстің 175-бабының сол бір бөлімі бойынша үш ұрлыққа және 15 ұрлыққа берілетін жазаны топтастыру және тағайындау әділеттілік қағидасына сай келмейді.

Қазақстанның қылмыстық заңнамасының дамуы оның ішкі бірлігінің, тұтастығының және қайшылығының бұзылғандығының біршама мысалдарын береді. Мысалы, «Қылмыстық істерді тергеу шараларын жеңілдету, қылмыстардың бірқатар құрамын қылмыстық

әрекетсіздендіру және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске<sup>3</sup> және ҚК, ҚІЖК<sup>4</sup>, ҚАК<sup>5</sup> өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңымен абайсызда денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 111-бабының 3-бөлімі алып тасталды. Бірақ, Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің көптеген нормаларында – ҚК 118-б. 1-бөл.; 138-б. 1-бөл.; 52-б. 1-бөл.; 245-б. 1-бөл.; 245-1-б. 1-бөл.; 256-б. 1-бөл.; 266-б. 1-бөл.; 268-б. 2-бөл.; 269-б. 1-бөл.; 295-б. 1-бөл.; 296-б. 1-бөл.; 298-б. 1,2-бөл.; 299-б. 1-бөл.; 303-б. 1-бөл.; 304-б. 2-бөл.; 309-б. 1-бөл.; 391-б. 1-бөл. — абайсызда денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық сақталып қалған. Бұған орынды түсінік берілмеген.

Менің пайымдауымша, адамды негізгі құндылық деп жариялаған және оны қорғауды қамтамасыз етуді талап еткен, Қазақстан Республикасы Тұжырымдамасына қарамастан, абайсызда денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруді қылмыстық-құқықтық қорғаудан бас тартқан, заң шығарушының ұстанымын қателік деп тану керек.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде заң шығарушы нақты қоғамдық қауіпті әрекеттің субъективті жағын өте дәл анықтады. Бірақ, менің ойымша, бұл жұмыс қисынды түйініне жеткен жоқ. Заң шығарушы мақаланың диспозициясында кінәнің нысанына тікелей нұсқаған жағдайда бәрі де түсінікті, бірақ әртүрлі түрдегі ережелер бұзылған кезде заңда нысанға немесе кінәнің нысанына нұсқаудың болмауы қылмыстық құқық теориясында әртүрлі көзқарастардың пайда болуына, ал құқық қолдану органдарының әрекеттерінде — қылмыстарды топтастыру кезінде қателіктердің орын алуына әкеледі. Осыған байланысты заң шығарушы, Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің нормаларын құрастырған кезде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 19-бабының, 4-бөлімінің мазмұнындағы қағиданы толық көлемде іске асырған жоқ деп батыл айтуға болады.

Қылмыстық кодексі 19-бабының 4-бөлімі: «абайсызда жасалған әрекет Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыс деп танылады», — дейді.

Осы заңнамалық қағидадан әрекеттің, Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің нормасында соған тек тікелей нұсқаған жағдайда, абайсызда жасалған қылмыс болып танылатындығы көрінеді. Егер Ерекше бөлімнің нормасында мұндай нұсқау болмаса, онда олар қасақана жасалған қылмыстар болып танылуы керек.

«Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс», «Экологиялық және көлікке қатысты қылмыстар» тарауларында көзделген, қылмыстық-құқықтық нормаларға жүргізілген талдау олардың көпшілігінде, әртүрлі түрдегі қағидалардың бұзылуы жайлы баяндалатын жерлерінде, кінәнің нысанына нұсқаудың жоқ екендігін көрсетеді. Осыған байланысты бұлар қалай қасақана әлде абайсызда жасалған әрекеттер болып танылуы керек пе? – деген сұрақ туындайды. Қылмыстық кодексінің 19-бабының 4-бөлімінің мазмұнындағы талаптарға сүйенетін болсақ, онда абайсызда жасалған әрекетке нұсқау болмағандықтан, оларды тек қасақана деп тану керек. Екінші жағынан алғанда, оларды тек қасақана деп тану оларды басқа біршама ауыр қылмыстар бойынша топтастыруға әкеледі.

Қалыптасқан жағдайдан қалай шығуға болады? Менің пайымдауымша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 19-бабының 4-бөлімінің мазмұнындағы талаптарға сәйкес диспозициясы «қағиданы анықтауды» бұзу үлгісі бойынша құрастырылған, Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің бүкіл нормаларын келтіру қажет. Заң шығарушы бұл қылмыстардың қасақана немесе абайсызда екендігін анықтауы керек.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында Жалпы және Ерекше бөлім нормаларының арасында басқа сипаттағы қайшылықтар да бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 65-бабының 3-бөліміне сәйкес, «осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген жағдайлар болған кезде басқа санаттағы қылмыс жасаған адам тек осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында арнайы көзделген реттерде ғана қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін». Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабы 3-бөлімінің 1 және 2 бөлімдерден айырмашылығы, ондағы

әңгіме Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 125, 165, 231, 233, 234, 236, 251, 252, 259, 297, 312, 326, 352, 358-баптарымен көзделген, қылмыстарды жасаған, тұлғалардың қылмыстық жауаптылықтан босатылуының арнайы түрлері жайлы болады. Осы баптарды және оларға ескертулерді талдау осы баптар бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату жағдайларының Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының 1 және 2 бөлімдерімен көзделген, босату жағдайларымен үнемі сәйкес келе бермейтіндігі жайлы қорытынды жасауға мүмкіншілік береді.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының 3-бөлімінде осы баптың бірінші және екінші бөлімдерінде көзделген, жағдайлар болған кезде тұлға қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін деп айтылған. «Мүмкін» терминін қолдану қылмыстық жауаптылықтан босатуға балама болып есептеледі: болуы мүмкін, не болмауы да мүмкін. Заңның мазмұнынан көріп отырғанымыздай, бұл құқық қолдану органдарының міндеті емес, құқығы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының 3-бөлімінің талаптарынан айырмашылығы жоғарыда аталған баптарға ескертулерде «қылмыстық жауаптылықтан босатылады». Аталған жағдайда бұл құқық емес, құқық қолдану органдарының міндеті. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімдерінің нормаларының арасындағы мұндай қайшылық, Қылмыстық кодексінің 65-бабында, сондай-ақ осындай босату көзделген, тиісті баптардың ескертулерінде көрсетілген, жағдайлар болған кезде тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босатуға құқық қолдану органдарының міндеттерін (құқықтарын емес) ескере отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының 3-бөліміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі жайлы мәселені көтеруге негіз болады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының 3-бөлімін келесі редакцияда мазмұндауды ұсынамын: осы баптың бірінші және екінші бөлімдерінде және осындай босату мүмкіншілігі арнайы қарастырылған, тиісті баптардың ескертулерінде көзделген, жағдайлар болған кезде өзге санатта қылмыс жасаған, тұлға қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Адамдар қылмыстан (қылмыстық арамниеттілік, жеңіл табыс, алдау, жалған сөз және өтірік) жапа шегуде, қылмыс жалындаған оттай өршіп тұр, ал заңгерлер болса ілгері басар емес, таптаурын болған жерді шиырлап жүр. Ал, кейбіреулерінің өздерінің де қатысы болуы мүмкін. Қалай болғанда да, үдеріс ҚДЖК тәптіштелетіндіктен, адал адамның ештеңеден қорықпауына болады.

Заңды қабылдайтын адамның өзі жетілмегендіктен, мемлекеттің кез-келген заңы да жетілмеген болады. Өмір бір орнында тұрмайды. Сондықтан да оның әрбір өзгерістерін бақылап отыру және қолданыстағы заңнамада пайда болған мәселелерді жоя отырып, тиісінше әрекет ету керек.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (1997 жылғы 16 шілде № 167-І / 2014. 17. 01. берілген өзгертулер мен толықтырулар). [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтырулар). [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155-ІІ Кодексі (2014. 18. 02. берілген өзгертулер мен толықтырулар). [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі (2014. 17. 01. берілген өзгертулер мен толықтырулар). [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі (13. 12. 97 ж. № 208-І. / 2014. 15. 01. берілген өзгертулер мен толықтырулар). [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются современные проблемы и перспективы уголовного законодательства РК. Определены области уголовного права, нуждающиеся в дальнейшей теоретической разработке.

## RESUME

The article considers the modern problems and prospects of criminal law in the Republic of Kazakhstan. There is field of criminal law defined, requiring further theoretical development.

ӘОЖ 342.9

**Е. Е. Серімов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының әкімшілік құқық және ІІО-ның әкімшілік қызметі кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты;**

**Е. Е. Абдраманов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты**

### ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ КӨЛІК БӨЛІМДЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ

*Аннотация. Мақалада Қазақстанда қоғамдық тәртіппен және қылмыспен күрес үшін құрылған көліктегі ішкі істер органдарының түпкі мақсаттары сөз болады.*

*Түйін сөздер: теміржол, су көлігі, әуе көлігі.*

Қазақстан кең аумақты ел екені, оның жеріне тоғыз Франция елі сыйып кететіні әйгіленген ақиқат. Ендеше, еліміздің бір шеті мен екінші қиырына жетудегі жол және көлік проблемалары — әлі де күн тәртібінен түспей келе жатқан келелі мәселелердің қатарынан табылады. Көлікпен тасымалдауды қамтамасыз етудің экономикалық және әлеуметтік орны, сондай-ақ оның мемлекеттер арасында тікелей байланыс орнататын саяси рөлі де ерекше екені сөзсіз. Көлік қатынастары кешенінің саласындағы мемлекеттердің, әсіресе ТМД елдерінің, өзара әрекеті көліктің күні кешегі біртұтас дүние ретіндегі қызметін сақтап қалғаны анық. Көліктік қызмет саласының негізгі міндеттерінің бірі — адамдар мен барлық технологиялық құралдардың қауіпсіздігі, тасымалдайтын жүктердің сақталуы десек, артық кетпейміз. Көлік нысандарындағы қазіргі лаңкестік, экстремизм және есірткі трафиктері секілді кері құбылыстардың күрт өсуі бұл мәселелердің өзектілігін арттыра, айғақтай түсетіндей.

1. Осы көрсетілген саладағы қордаланған мәселелерді шешу үшін лаңкестік актілердің әрі басқа да құқыққа қарсы әрекеттердің жүзеге асуын алдын алу, болдырмау мүмкіндігі бар көліктік қауіпсіздіктің заманауи тиімді жүйесін қарастыратын тұжырымды негізде құқықтық акт дайындалып, қабылдануы керек деп білеміз. Мұндай жүйені енгізудің халықаралық тәжірибеге, жолаушыларға қызмет көрсету сапасының артуына және олардың конституциялық құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету үшін мейлінше үйлесімді де оңтайлы болатыны кәдік. Жекеленген мемлекеттер деңгейінде көліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласы бойынша қабылданған құжаттар стандарты біркелкі бола бермейтіні белгілі.

2. Қазақстан Республикасында көліктік нысандарда құқықтық тәртіпті қолдаудың негізгі міндеттері — көліктік ішкі істер органдарына жүктелген (әрі қарай — КПО).

КПО жүйесін бір орталықтан басқару ісі мен дәрежесіне қылмыстық объектілері мен құралдарының, оларды жасаушылар мен оған қатысты адамдардың жылдам түрде ықпал ете алу шапшаңдығының үлкен әсері бар. Мұндай объектілердің ерекшеліктері, ең алдымен, КПО құрылымдарының, басқару жүйелерінің оларды басқаруға мейлінше ықпал жасай алатындай орталықтандырылған, іштей етене тығыз байланысты болуын талап етеді. Ішкі істер органдарының бұрынғы аумақтық құрылымы бұл мәселе бойынша өте икемсіз екенін дәлелдеп берді. Жоғарыда келтірілген көліктегі қылмыстардың ерекшеліктері көліктегі ішкі істер органдарын құруға тікелей түрткі болғандығын кейбір шетелдік ғалымдар атап өтеді. Мәселен, көліктен ұрланған «заттардың иелері» ондай ұрлықтың орын алғанын көп кейін,



оқиға болған жерден алыс кеткеннен кейін барып қана аңғарады. Көліктегі ұрлыққа қарсы күрес жүргізетін қоғамдық қызметтің тиімділігін арттырған осы бір жайт Британ көлік полициясының құрылуына негіз болған еді.

Қазақстанда бір орталықтандырылған көлік жүйесі ішіндегі ең дамығаны — темір жол көлігі саналады. Бұның өзі ішкі істер органдарының темір жол объектілерінің базасында қызмет етуіне негіз болды.

Әуе көлігі ішкі істер органдары бөлімдерінің бір орталықтан басқарылмауы бұл бөлімдердің біркелкі жүйесінің болмауына әкеліп соқты.

Республика көлемінде су көлігі ішкі істер органдарында (өзен және теңіздік) біркелкі жүйенің болмауы кеме жүретін су қоймаларының бір-бірінен бөлек жатқанына байланысты еді. Су көлігі полициясы бөлімдерінің аумақтық ішкі істер органдары құрамына кіретіні осыған байланысты.

Сонымен бірге қоғамдық тәртіп пен қылмыспен күрес үшін құрылған КПО-ның түпкі мақсаты республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігінде емес, мемлекеттің шаруашылық-экономикалық саласындағы қызмет үшін құрылған болатын. Ұйымдық тұрғысынан алып қарағанда, КПО жүйесі қазіргі көлік жүйесі негізінде құрылғандығын байқар едік. Аумақтық ішкі істер органдарына қарағанда тым қатаң бір орталыққа бағыну негізінде екенін ашып айтқан ләзім.

Мәселен, Қазақстан аумағында үш (Алматы, Батыс Қазақстан мен Целинная) теміржол қызметі бар. Осыған сәйкес бұл аумақтағы теміржолдарда үш Көлік ішкі істер департаменті (Оңтүстік-Шығыс, Батыс және Орталық) қызмет істейді<sup>1</sup>.

Теміржол көлігін басқару құрылымының қаржылық-экономикалық жағдайын жақсартып, оптимизациялау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жоғарыда аталған үш теміржолы өзінің қаулысымен «Қазақстан теміржолы» бір кәсіпорынға біріктіріп, оған ұлттық компания мәртебесін берді<sup>2</sup>.

Көліктік құрылым бұлайша өзгерістерге ұшырауына сәйкес КПО жүйесі де өзгерістерге түсуі тиіс. Егер Қазақстан Республикасы ПМ-нің орталық құрамындағы үш көліктік ішкі істер департаментінің орнына ПМ орталық аппараты құрылымында Көлік полициясының департаменті ұйымдастырылса, КПО қызметінің тиімділігі арта түсері сөзсіз дейміз. Мұның өзі көлікті басқару ерекшелігіне сай келер еді. Көлік полициясының департаменті жергілікті жердегі жұмыстардың қазіргі қалпын, тәжірибесін қорытып, басшылықтың ұсыныстарын дайындап, республикалық әрі мемлекет аралық сипаты бар алдын алу, жедел іздестіру және тергеу амалдарын өткізу барысында КПО жұмысын үйлестіру, КПО ұйымдастырылу мен қызметінің мәселелері бойынша ПМ-нің бұйрықтары, нұсқаулары мен түрлі өкімдерінің жобаларын дайындау, нұсқаулар, шолулар мен бағыттағандарды шығаруға толық мүмкіндік туар еді.

Көлік полициясы департаменті жұмыстарының негізгі бағытына, біздіңше, криминалдық және әкімшілік полициясы мен тергеудің салалық аппараттары немесе жолаушылар мен жүк тасымалдау қауіпсіздігі бөлімдері оның ұйымдастырылу құрылымы да сәйкес болуы тиіс деп білеміз.

3. Көлік саласындағы тәжірибелер мен ғалымдардың зерттеулері біртұтас көлік жүйесін құру арқылы көліктің әртүрлі салаларын жақындатып, біріктіру қажеттігін көрсетеді<sup>3</sup>. Қазіргі күні бұл бір көліктің түйінге, тұрғылықты мекенге біріктіретін теміржол, әуе және су қатынасы жолын бір буынға қосатын көліктік-технология жүйесін құруда ап-айқын байқалады. Өз кезегінде Қазақстанның барлық көліктік жүйесі әлемдік көлік жүйесінің бір бөлігі болуы қажет.

Қазақстан өзін тәуелсіз, егеменді мемлекет екенін жария етуі, республиканың батысында мұнай-газ кешенінің дамуы Ақтау қаласындағы теңіз портының мәселесіне ерекше көзбен қарауға алып келді. Бүгіндері Каспий теңізі бір мемлекеттің ішкі теңізі емес, жағалауында орналасқан бес мемлекеттің (Ресей, Әзірбайжан, Түркіменстан, Иран, Қазақстан) экономикасын байланыстыратын бірден-бір теңіз жолы. Осыған байланысты Ақтау

қаласындағы теңіз сауда портындағы ішкі істер бөлімін тығыз арада Батыс Көлік ПД-не бағындарған ләзім.

4. Әлемдік қауымдастықта лаңкестік қауіптіліктің белең алуы әрі азаматтық авиацияда заңсыз қолсұғушылықтың болуы мүмкіндігіне қарсы авиациялық қауіпсіздік саласындағы басымдық шараларына мына жайттарды жатқызар едік:

1) әуе кемелерінің борты мен азаматтық авиация объектілеріне тыйым салынған заттардың еніп кетуінің алдын алып, әрі жолаушылар мен жүктерді тексеру бекетінде оларды тексеру сапасын арттыру үшін бекеттерді жоғары технологиялық құралдармен жабдықтау;

2) тексеру жүргізетін мамандарды арнайы оқытудан өткізу, сондай-ақ экипаж мүшелері мен авиация қызметінің кейбір мамандарына азаматтық авиация қызметіне заңсыз қолсұғушылықпен араласу актілеріне қарсы тұрарлық амал-тәсілдерін үйрету.

Көлік кәсіпорындарының өзін-өзі қаржыландыруға көшуі, әкімшіліктің кей шешімдері де құқықтық тәртіпті орнатуға кері әсерін тигізетіні кездесіп қалады. Мұндай жайттарда қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін көлік ведомстволарына экономикалық санкциялар қолдану қуатты болар еді. Мұның өзі соңғысының жолаушылардың жеке тұлғалық әрі мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етер ұйымдастырушылық және техникалық шараларды енгізуге түрткі болар еді, олар мұны тіптен де қалыс қалдырған.

Бұл секілді Қазақстанның көліктік ішкі істер қызметін жетілдіруге байланысты ұсынылған құқықтық және ұйымдастырушылық қорытындылар, біздің пікірімізше, көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етер шешімдер қабылдауға негіз болатыны анық.

<sup>1</sup> Энциклопедический справочник Казахской ССР. — Алма-Ата, 1981. — С. 352.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы. — 1997. — № 4. — 32-б.

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы 2006 жылғы 11 сәуірдегі № 86 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // Егемен Қазақстан. 2006. 13 сәуір.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные проблемы организации и обеспечения правопорядка и общественной безопасности на объектах транспорта. Авторами выдвинуты предложения по совершенствованию организации и деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан на транспорте, реализация которых позволит усилить транспортную безопасность страны.

## RESUME

In article actual problems of the organisation and maintenance of the law and order and public safety on objects of transport are considered. The author brings offers on perfection of the organisation and activity of law-enforcement bodies of Republic Kazakhstan on transport which realisation will allow to strengthen transport safety of the country.

**Ташенов К. Н., старший преподаватель кафедры общеобразовательных дисциплин Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, магистр государственного и местного управления**

## **НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Аннотация. В статье рассматриваются основные нормативно-правовые основы банковского сектора в Республике Казахстан.*

*Ключевые слова: Национальный банк, банковская деятельность, финансовые организации, фонд, государственный бюджет, инвестиции.*

Регулирование банковской деятельности — составная часть государственного регулирования экономики, выражающаяся через денежно-кредитную политику государства. В соответствии с Концепцией правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 г., утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 г. № 858, финансовое законодательство республики должно обеспечивать благоприятную среду для развития и функционирования казахстанского финансового рынка, защиту прав потребителей финансовых услуг, содействовать созданию равноправных условий для деятельности финансовых организаций, поддержанию добросовестной конкуренции на финансовом рынке.

При этом, учитывая тенденции развития как мировой, так и казахстанской экономики, приоритеты финансового законодательства должны быть связаны с совершенствованием надзорного процесса, базирующегося на мониторинге финансовой устойчивости банков, оценке потенциальных рисков, формировании гибкого регуляторного режима, оперативном реагировании на проблемы в деятельности банков, а также максимальном приближении системы надзора за финансовыми организациями к мировым стандартам.

Основными органами государственного регулирования банковской деятельности в Республике Казахстан являются Национальный банк Республики Казахстан и Агентство Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций, осуществляющие банковское регулирование, банковский надзор и контроль за банками второго уровня.

Основным Законом, регулирующим общественные отношения в этой сфере и направленным на повышение стабильности финансовой системы Республики Казахстан и создание условий по недопущению нарушений прав и законных интересов потребителей финансовых услуг, является Закон Республики Казахстан «О государственном регулировании, контроле и надзоре финансового рынка и финансовых организаций» от 4 июля 2003 г. № 474-II (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2012 г.).

Кроме того, финансовая устойчивость и стабильность банковской системы в Республике Казахстан подтверждается также принятием следующих нормативно-правовых документов:

- Закона «О Национальном Банке Республики Казахстан» от 30 марта 1995 г. № 2155 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2012 г.);
- Закона «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» от 31 августа 1995 г. № 2444 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2012 г.);
- Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам устойчивости финансовой системы» от 23 октября 2008 г. № 72-IV.

С 1 февраля 2012 г. (за исключением некоторых пунктов, которые введены с 1 января 2012 г.) вступил в силу Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования банков-

ской деятельности и финансовых организаций в части минимизации рисков» от 28 декабря 2011 г. № 524-IV. Законом внесены существенные изменения и дополнения в Гражданский, Уголовный, Уголовно-процессуальный кодексы Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях, в Бюджетный кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), Закон «О Национальном Банке Республики Казахстан» и др. нормативные правовые акты.

Основной целью Закона явилось совершенствование законодательной базы Республики Казахстан по вопросам регулирования банковской деятельности и финансовых организаций в части минимизации рисков, а также повышение прозрачности деятельности банков и банковских конгломератов в части проводимых ими операций и инвестиций. Данным Законом введен запрет на выдачу займов (гарантий) лицам, не имеющим прозрачной структуры собственности и понятных перспектив бизнеса. Ужесточены требования к условиям операций банков с их аффилированными лицами, что минимизирует их возможное негативное влияние на банки. Кроме того, запрещены инвестиции банковских холдингов в капитал нефинансовых организаций, а инвестиции банков в капитал дочерних и зависимых финансовых организаций будут лимитированы, требуется дополнительная капитализация для банков. Эти меры дополняются требованиями по консолидированному надзору, что ограничит деятельность банков рамками банковских операций.

Законом предусмотрены меры по улучшению корпоративного управления, инфраструктуры фондового рынка и защите интересов инвесторов на рынке ценных бумаг, а также по повышению устойчивости пенсионных фондов и снижению рисков на рынке ценных бумаг.

Сенатом Парламента Казахстана 21 июня 2012 г. принят законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам организации деятельности Национального банка Республики Казахстан, регулирования финансового рынка и финансовых организаций». Целями законопроекта являются:

- уточнение функций и полномочий Национального банка, в том числе в гражданском административном законодательстве, для реализации решений Президента Республики Казахстан об упразднении Агентства финансового надзора и развития финансового центра г. Алматы;
- дальнейшее укрепление стабильного и конкурентоспособного финансового рынка путем закрепления на законодательном уровне макропруденциального регулирования;
- дальнейшее содействие обеспечению стабильности финансовой системы и укрепление доверия населения к банковской системе государства.

Законопроектом предусмотрено, в частности, выведение административных госслужащих Нацбанка из состава государственных служащих и придание им статуса служащих Нацбанка. Технические служащие Нацбанка не будут являться гражданскими служащими. На служащих Нацбанка будут распространяться требования, установленные антикоррупционным законодательством, а также ограничения при назначении на должности. Оплата труда работников Национального банка будет установлена на основании единой системы оплаты труда работников государственных органов. Национальному банку придаются полномочия по осуществлению приоритетного права государства на приобретение аффинированного золота для пополнения золотовалютных резервов, а также по проведению оценки имущества, в том числе аффинированного золота, драгоценных металлов, драгоценных камней и изделий из них.

Кроме того, в настоящее время в Казахстане имеются условия для продвижения исламских инструментов финансирования. В стране создана правовая основа для организации деятельности исламских банков, исламских инвестиционных фондов, а также исламского рынка капитала, которая предусматривает выпуск государственных исламских ценных бумаг и исламских ценных бумаг юридических лиц резидентов Республики Казахстан.

В этой связи отметим, что в соответствии с Постановлением Правительства от 29 марта 2012 г. в республике принята Государственная программа «Дорожная карта исламского финансирования до 2020 года». Это комплексный документ, предусматривающий направления и

порядок действий госорганов и бизнеса по внедрению на финансовый рынок Казахстана исламского банкинга. Программа предполагает создание условий для стабильного развития индустрии исламских финансовых услуг, содействие созданию исламской массы эмитентов, инвесторов и участников рынка.

## ТҮЙІН

Мақалада Қазақстан Республикасы банк секторының мемлекеттік реттеудің нормативтік-құқықтық негіздері туралы айқындалған.

## RESUME

The article discusses the basic normative-legal foundations of the banking sector in the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 343.57

**Б. С. Телемісов, Қазақстан Республикасының ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық процесс кафедрасы бастығының орынбасары**

### **ЕСІРТКІ ЗАТТАРДЫ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛДЫРУ ФАКТІЛЕРІ БОЙЫНША ҚОЗҒАЛҒАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ТЕРГЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация. Мақалада автор есірткі заттарды заңсыз айналдыру фактілері бойынша қылмыстарды тергеудің криминалистикалық сипаттары тұрғысындағы мәселелерді және осы санаттағы қылмыстарды тергеу барысында криминалистикалық сипаттама мәліметтерін қолдану мәселелері қарастырылады.*

*Түйін сөздер: есірткі заттар, криминалистикалық сипаттама, қылмыстарды тергеу, тергеу және анықтау органдары, сараптама, әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық аспектілер, қылмыстың заты, қылмыс санаты.*

Есірткі заттарды заңсыз дайындау, сатып алу, сақтау, тасымалдау мен сату қылмыстарын ашу және тергеу жүргізу едәуір күрделіліктер туғызады. Яғни, олар қылмыстың осы түрімен күресудің спецификасымен, топтық сипатымен және оларды жасау мен жасырудың әрқилы әдістілігімен негізделеді.

Тергеу, сот және жедел іздестіру тәжірибесі есірткі заттарды заңсыз айналдыру істері бойынша тергеу мен іздестіру жұмыстарын жүргізудің әдістемелік және ұйымдастыру деңгейінің қанағаттанарлықсыздығы, сондай-ақ топтық қылмыстардың төмен дәрежеде ашылуы жөнінде тұжырым жасауға негіз болып табылады. Анықтау және алдын ала тергеу жүргізу органдарында дәлелдемелік ақпарат алу мен оны қолдану бойынша жасап шығарылған әдістемелердің жеткілікті саны жоқ, ал қызмет ету барысында елеулі маңызы бар аймақтық ерекшеліктерді ескермейді. Осыған байланысты қылмыстың осы санатын тергеу тәжірибесін оқып-танысу және олардың алдын алу мен тергеу бойынша ғылыми негізделген кеңестер беру қажеттілігі туындап отыр.

Криминалистикалық ғылымның тергеушілер мен анықтау органдарына қылмыспен күресу жолында қолданылып жүрген, сондай-ақ күнделікті тәжірибеге жаңа ғылыми-техникалық құралдарды, тактикалық және әдістемелік тәсілдерді енгізу және жақсарту тұрғысындағы ықпалды және тиімді көмек көрсету арқылы алдын ала тергеу жүргізуді жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Қылмыстың қарастырылып отырған осы санатын тергеу бойынша әдістемелік кеңестер жасап шығарудың негізі олардың криминалистикалық сипаттамасы бола алады. Мұны қылмыстың осы түрінің бір-бірімен өзара байланысты ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде

қарастыруға болады, яғни қылмыстың осы санатын тиімді түрде тергеу бойынша әдістерді, тәсілдер мен құралдарды таңдауда маңызы бар және бұл кезде сандық көрсеткіштермен айқындалатын оның белгілерінің заңды байланысының әртүрлілігін көрсетіп өткен жөн. Алайда, есірткі істері бойынша криминалистикалық ақпараттық маңызды белгілері туралы мағлұматтардың, тек олардың криминалистикалық сипаттамасының бір бөлігі ғана екенін айтып өткен жөн.

Қылмыстың заты туралы мағлұматтарды типтендіру олардың және қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының басқа элементтеріне жататын белгілері арасында тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Біздің зерттеуіміз көрсетіп отырғандай, қылмыстық қиянат жасаудың кеңінен тараған заттары — гашиш, көкнәр сабағы, лпий, көкнәр сабағының тұнбасы болып табылады.

Қылмыстың осы санатының криминалистикалық сипаттамасында қылмыстың жасалу тәсілдері және соларға қатысты типтік іздер туралы мәліметтер маңызды орын алып отыр. Бұл жағдайда тәсілдерді қылмыс жасауға дайындалу, оны жасау және жасыру әрекеттеріне қатысты қарастырған жөн.

Қылмыстың тәсілдері бірқатар объективтік және субъективтік факторлар ретінде айқындалуы мүмкін. Факторлардың белгілі бір жиынтығының арасында олардың біреуі немесе бірнешеуі өте маңызды болуы ықтимал. Мұндай факторлардың қылмыстың тәсіліне тікелей қатысы болмайды, яғни әдеттегідей, олар қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының тиісті элементтері шеңберінде анықталып зерттеледі.

Қылмыстың осы немесе басқа да сатыларының бірқатар жағдайларында қылмыс тәсілін детерминациялайтын факторлардың белгілі бір өзгеруі болады және бұл қылмыстың динамизмін растау арқылы қылмыс тәсілінің өзгеруімен байқалады. Есірткі құралдарын заңсыз айналдырумен байланысты қылмысты жасауға дайындалу, оны жасау және жасыру — бірыңғай қылмыстық пиғылмен жасалатын жағдайда ғана қылмыстың белгілі бір тәсілін құрайтын процестер ретінде қаралуы мүмкін. Бұл жағдайда олардың арасында жасалу уақытының белгілі бір айырмашылығы, орындау субъектілері мен қылмыс жасалған жерлердің әртүрлі болуының байқалуы мүмкін. Қылмыс тәсілінің құрамды бөлігі болып табылмайтын, яғни қылмыстың ізін жасырудың дербес тәсілінің бар екендігі жөнінде айтуға болады.

Қылмыстың зерттеліп отырған осы түрінің жасалу тәсілдерімен қылмыскерлердің әрекеттері нәтижесінде қалдырылатын типтік іздер тығыз байланысты. Іздердің қалдырылу процесінің ситуациялық сипаты бар. Әрбір жағдай қылмыстық әрекет процесінің өзіне ғана тән заңдылықтармен, жасалу кезінде болатын нақты ахуал мен жағдайлармен анықталады. Криминалистикада қылмыс іздері материалдық және идеалдық ретте қарастырылады.

Мәселен, белгіленген ережелерді бұзуға қатысты қолданылатын есірткі заттарды өндіру, сатып алу, сақтау, есепке алу, босату, тасымалдау немесе жөнелту — бұл бәрінен бұрын белгілі бір адамдардың қылмыстық әрекеттері туралы пайымдауға болатын әртүрлі құжаттамалардағы мағлұматтар (есірткі заттардың кірісі мен шығысын есепке алу құжаттарындағы сәйкес келмеушіліктер, есірткі заттардан босаған бос ампулалардың қабылданғандығы және босатылғаны бойынша айырмашылықтар, рецептілердегі тазартулар, есепке алу құжаттарындағы әртүрлі өзгерістер), сондай-ақ жасалған қылмыс нәтижесінде орын алған ахуалдың әрқилы өзгерістері, яғни артық алушылық, жетіспеушілік, толық бермеушілік, пломбтың болмауы, ампуланың стандартқа сәйкес келмеуі, ампулалардың желімделген жерлерінің қараңғылануы т. с. с.

Есірткі заттарды дайындау барысында дайындау құралдарында микробөлшектер түріндегі есірткі іздері қалып, иісі сақталады; егер есірткі шикізаты ретінде конопляның жасыл массасы болса, онда алақанда және тырнақтың астында қою-көк түсті пластилинге ұқсас іздер қалады. Бұдан басқа қылмыскерлер қылмыстың ізі байқалуы мүмкін тәрелке, стакан, еттурағыш, кофеұнтақтағышты және есірткі сақталатын орындарда басқа да құралдарды пайдаланады.

Атап айтқанда, тергеу барысында қалдырылған іздерді анықтау, зерделеу және салыстыру басқа да деректермен қоса алғанда шынайы қорытынды жасауға және қолданылған қылмыс тәсілін анықтауға мүмкіндік береді.

Қылмыс сипаттамасының маңызды құрылымдық элементі ретінде қылмыскердің жеке басының ерекшеліктері туралы мағлұматтар болып табылады. Мұнда қылмыскердің жеке басының сипатына келесі мағлұматтарды енгізуге болады: а) әлеуметтік; ә) психологиялық; б) физиологиялық.

Есірткі заттарды заңсыз айналдыруға қатысатын тұлғаларды келесідей саралайды: а) құрамында есірткі заты бар шикізатты өндірушілер, құрамында есірткі заты бар шикізатты заңсыз егумен айналысатын тұлғалар; ә) құрамында есірткі заты бар шикізатты және есірткіні таратушылар; б) қорда (притон) ұстаушылар; в) есірткіге баулушылар; г) құрамында есірткі заты бар шикізатты, есірткі құралдарын, есірткілік әсері бар дәрі препараттарын ұрлаушылар.

Криминалистикалық сипаттамалар элементтерінің арасында белгіленген байланыстарды білу тергеудің толық жүргізілуіне, объективтілігіне және тиімділігіне ықпал етеді. Тергеу жүргізудің тиімді жолын таңдауға, дұрыс криминалистикалық болжамдар жасауға, нақты қылмыстарды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды толық зерттеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, жоғарыда баяндалғандар негізінде келесідей тұжырымға келуге болады:

1. Есірткі істері жөніндегі қылмыстық істерді тергеудің ерекшеліктері криминалистикалық сипаттаманың негізгі элементтерін бөлуге мүмкіндік береді. Оларға келесі мағлұматтарды жатқызған жөн: қылмыстың жасалу ахуалы, яғни орыны, уақыты және оны жасаудың алдындағы сүйемелдеген басқа да жағдайлар, сондай-ақ одан кейінгі мән-жайлар; қиянат жасау заты; қылмыс жасауды жүзеге асыру механизмі, яғни оны жасау мен ізін жасырудың тәсілдері, сондай-ақ қылмыскерлердің нәтижеге қол жеткізуі үшін қолданған заттары; есірткі заттармен заңсыз әрекет жасайтын құқық бұзушылықтардың жеке басы қасиеттері.

2. Қылмыскерлердің жеке басы ерекшеліктеріне жатқызылатын криминалистикалық маңызы бар белгілердің мазмұны есірткі заттармен заңсыз әрекет жасаумен айналысатын тұлғалардың қылмыстық жүріс-тұрыстарының мотивациясына талдау жасауға мүмкіндік береді.

3. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының элементтерін мінездейтін мағлұматтарды типтендіру барысында заңдылық байланыстарды анықтау қылмыстың белгілі бір санаттары бойынша тергеу жүргізуге қатысты типтік болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

4. Осы санаттағы істер бойынша тергеушілердің жұмыс атқаруы үшін барынша жағдай жасау талап етіледі және олардың жұмысын бағалау бойынша прогрессивтік әдістер енгізу, келесіде мамандандыру және тергеушілердің жұмысын бақылау қағидасын жүзеге асыру қажет.

## **РЕЗЮМЕ**

В работе рассматриваются вопросы криминалистической характеристики преступлений, связанных с незаконным оборотом наркотических средств, проблемы использования данных криминалистической характеристики в расследовании указанных преступлений.

## **RESUME**

This work presents the issues of criminalistic characteristics of the crime associated with illegal drug trafficking discusses the problems of using forensic data characteristics in the investigation of such offences.

**Б. С. Телемісов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық процесс кафедрасы бастығының орынбасары**

**С. Н. Бачурин, заң ғылымдарының кандидаты, доцент**

## **СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДЕ КҮДІКТІДЕН ЖАУАП АЛУ БАРЫСЫНДА ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ**

*Аннотация. Мақалада авторлар тергеу әрекетін жүргізу барысында жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін қолданудың кейбір сұрақтарын қарастырып, сол бойынша қажетті кеңестер ұсынады.*

*Түйін сөздер: жедел-ізвестіру қызметі, жедел ақпарат, гносеологиялық, күдікті, жауап алу, қылмыстық процесс, тактикалық ерекшеліктер, дәлелдеме.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында: «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет. Мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдері керек. Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс. Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс» — деп көрсетті<sup>1</sup>. Осы мақсатта құқық бұзушылықтармен күрес жүргізудің алатын орны ерекше. Бұл кезде қылмыспен күрес жүргізуге бағытталған іс-шараларды тиімді түрде жүзеге асыру, соның ішінде жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін дұрыс қолдану өз кезегінде қылмыстармен күресу барысында оң нәтижелер берері сөзсіз. Яғни арнайы күш-құралдарды, әдіс және тәсілдерді пайдалану қылмыстардың алдын алу, ескерту және жолын кесуде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізудің өте маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Әсіресе ЖІҚ нәтижелерін тергеу әрекеттерінде қолдану қылмыстарды тергеу кезінде тиісінше өз көмегін тигізеді.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексінің 120-бабында: «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары сақтала отырып алынған, құқыққа қайшы әрекеттер туралы нақты деректер тіркелген материалдар құжаттар болып табылады және олар қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Құжаттар жазбаша да, өзге нысанда да тіркелген мәліметтерді қамтуы мүмкін. Құжаттарға, сонымен бірге, осы кодекстің 122-бабында көзделген тәртіппен алынған, талап етіп алдырылған немесе ұсынылған түсініктемелер, түгендеулердің, ревизиялардың актілері, анықтамалар, салықтық тексерулер актілері, салық қызметі органдарының қорытындылары, сондай-ақ компьютерлік ақпаратты қамтитын материалдар, фото- және кинотүсірілімдер, дыбыс- және бейнежазбалар да жатады» — деп көрсетілген<sup>2</sup>.

Жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелері арнайы өкілеттіктер берілген жедел бөліністердің нақты бір жедел немесе қылмыстық іс шеңберінде заңда көзделген тәртіп бойынша анықтаған және алған, сондай-ақ жедел-қызметтік құжаттарда (баянаттар, анықтамалар, актілер, есептер және т. б.) бекітілген, оларға қосымша ретінде тіркелген ЖШШ жүргізу барысында анықталған заттар мен құжаттар, сонымен қатар ақпаратты материалдық (физикалық) тасымалдағыштарда (фонограммалар, бейнеграммалар, кинотаспалар, фототаспалар, магнитті, лазерлі дискілер, қалыптар және басқалар) тұрғысындағы қылмыс немесе оны жасаған тұлға туралы кез келген мағлұматтар ретінде айқындалады.



Жедел-іздігі қызметінің нәтижелерінің қылмыстық процестерге дәлелдемелермен қатар бірыңғай гносеологиялық мәні бар. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелерді анықтау және жинау секілді жедел-іздігі шараларын өткізу кезіндегі айқындалатын процестер де өзінің мәні бойынша оқиға іздерінен анықталған ақпаратты (мәліметті) жедел тіркеу ісі материалдарына енгізуді көрсетеді. Алғашқысы сияқты кейінгісі де осы бойынша өкілетті субъектінің оқиға орнындағы қылмыс іздерін, сонда қалдырылған ақпараттарды түсініп-қабылдауынан, бекітуінен құрылады. Мұндай көзқарас қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізуде ЖІҚ нәтижелерін қолдану мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға жалпы негіз береді.

Сонымен қатар, ақпараттық негіздердің біркелкілігі жедел-іздігі қызметі нәтижесінде алынған ақпараттарды жойып қана қоймастан, сонымен қатар, керісінше оны қолданудың процедуралық, құқықтық ерекшеліктерін және одан шығатын тактикалық ерекшеліктерді болжайды.

Бұл ерекшеліктер барлық жақтарды қамтиды, соның ішінде бәрінен бұрын жедел-іздігі қызметінің нәтижелерін қылмыстық процеске енгізудің ұйымдастыру-құқықтық нысанына және жедел-іздігі қызметі нәтижелерін қылмыстарды тергеуде қолдану жағдайларына да қатысты.

Заң әдебиетінде зерттелетін өзара әрекеттесудің көптеген нысандары ішкі істер органдарындағы жедел бөлімдердің өздерінде бар жедел-іздігі қызметі нәтижелерін бірлесе отырып қолдану мақсатында ұсынатындығымен негізделеді. Осыған байланысты жедел-іздігі қызметі нәтижелерін қолдану тергеушінің ішкі істер органдарының жедел бөлімдерімен өзара әрекеттесуінің тактикалық әдісін айқындайды.

ЖІҚ нәтижелерін қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қолдану үшін тиісті құқықтық механизм қажет. Бұл механизм келесі кезекте өзіне қосу арқылы қажетті құқықтық негізді құратын бірқатар элементтерді біріктіреді.

Бұл механизмде ең алдымен қылмыстық сот ісін жүргізуде ЖІҚ нәтижелерін қолдану мүмкіндігін қарастыратын нормалар болуы тиіс. Бұдан басқа, келесіде жедел бөлімдердің ЖІҚ нәтижелерін тергеушіге ұсыну тәртібін белгілейтін, тергеушінің өзіне ұсынылған нәтижелерді қабылдау тәртібін белгілейтін, сондай-ақ ұсынылған нәтижелерді қылмыстық сот ісін жүргізуде қолдану тәртібін реттейтін нормалар болуы қажет.

Жедел-іздігі қызметінің нәтижелері жауап алуды жүргізу, сонымен қатар оны жүргізуге дайындалу, жүргізудің оңтайлы және тиімді тактикалық тәсілдері бойынша негіздерді анықтау үшін қолданыла алады.

Күдіктіден жауап алуға дайындық және оның тактикасын анықтау барысында жедел-іздігі қызметінің кез келген нәтижелерін пайдалануға болады. Алайда, оларды тергеу әрекетінің негізі ретінде қолдану мүмкіндігі басқаша сипатта болып келеді. Яғни бұл жағдайда тек қана ЖІҚ нәтижелерінің алынған қайнар көздері қызметтік құпия болып табылмаса және олар қылмыстық іс материалдарына тіркелген болса ғана дәлелдеме ретінде жүзеге асырылады. Өзінің жасаған құқық бұзушылық іс-әрекеті бойынша шын көңілден өкінушілік білдіріп, шынайы көрсетулер беріп отырған күдіктілерден жауап алу барысында жедел ақпараттар келесідей мүмкіндіктер береді: яғни, біріншіден, жауап беруші тұлғаның қандай мағлұматтарды білетіндігі бойынша ақпараттар алуға; екіншіден, алынған жауапты басқа да дәлелдемелерден бөлек қосымша тексеру мақсатында.

Егер де күдікті жалған жауаптар беретін болса, онда жедел ақпараттар тиісті тактикалық тәсілдерді қолдану арқылы оның жауабының жалғандығын әшкерелеу мақсатында қолданылады. Бұл жағдайда жауап алу барысында қойылатын сұрақтарды құрастыру кезінде жауап беруші тұлғаның тергеушіге белгілі ақпараттың қайнар көздері жөнінде пайымдауына ешқандай мүмкіншіліктер туғызбауы тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу жолында жоғарыда келтірілгендердің заңда көзделген тәртіпті бұлжытпай орындау тұрғысында атқарылуы, сол бойынша тиісті шешімдер мен қорытындылардың дұрыс қабылдануы өз кезегінде дұрыс жүзеге асырылған

жағдайларда қылмыстарды ашу және сапалы тергеу жүргізу өзінің оң нәтижелерін беретіні сөзсіз.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауы. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі. № 231-V ҚРЗ. 2014 жылғы 4 шілде. [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz)

## РЕЗЮМЕ

В данной статье авторы рассматривают некоторые вопросы использования результатов оперативно-розыскной деятельности при проведении следственного действия с предложением необходимой рекомендации.

## RESUME

In this research paper, the authors consider some issues using the results of operational and investigative activities during the investigative action with the offer recommendations.

УДК 340

**Тессман С. А., старший научный сотрудник центра по проблемам исследования и мониторинга законодательства, регламентирующего деятельность ОВД, НИИ Карагандинской академии МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, кандидат юридических наук, доцент;  
Еспергенова Е. В., научный сотрудник центра**

## ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА КАК ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИЙ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОЦЕССА МОНИТОРИНГА В ОВД РК

*Аннотация.* В статье акцентируется внимание на вопросах, связанных с повышением уровня профессиональной подготовки лиц, осуществляющих правовой мониторинг в системе ОВД. Авторы предлагают конкретные пути решения обозначенных проблем.

*Ключевые слова:* правовой мониторинг, нормативно-правовые акты, органы внутренних дел, кадровое обеспечение правового мониторинга, кадровый потенциал, организация правового мониторинга.

В Республике Казахстан на протяжении последних лет идет процесс становления и институализации нового вида юридической деятельности — правового мониторинга, удалось достичь определенных результатов как в сфере концептуальных и методологических основ правового мониторинга, так и в вопросах его внедрения в механизм принятия и реализации законов. Вместе с тем работа по созданию системы правового мониторинга не завершена, а достигнутые результаты порождают почву для дальнейших исследований, выявляют более сложные проблемы, требующие научного осмысления, а в некоторых случаях пересмотра отдельных, уже состоявшихся концептуальных и методологических решений.

Проведенное исследование показало, что в вопросах правового мониторинга в такой сфере, как ОВД, также немало неразрешенных проблем. Одной из существенных проблем в сфере правового мониторинга в ОВД является отсутствие необходимого кадрового обеспечения, в то время как с учетом масштабности и сложности работы для обеспечения эффективности правового мониторинга в ОВД требуется именно надлежащее организационно-кадровое сопровождение данной работы.

Следует отметить, что ОВД фактически не были подготовлены к введению системы правового мониторинга во многом из-за отсутствия необходимого кадрового потенциала. Право-

вой мониторинг – сложный многоуровневый и многогранный процесс, заключающийся в основательном всестороннем юридическом анализе нормативных правовых актов (как отдельно, так и комплексно), что, в свою очередь, требует глубоких, фундаментальных правовых познаний. Соответственно, специалистами в сфере правового мониторинга должны быть юристы высшей квалификации (равно как специалисты в сфере правотворчества), способные на должном уровне проводить правовой мониторинг. В этой связи возникает потребность в проведении ряда организационных преобразований в подготовке специалистов (в том числе переподготовке и повышении квалификации).

Изучение зарубежной практики (Германии, Франции) показало, что большинство специалистов, вовлеченных в сферу правового мониторинга, имеет определенный опыт правотворческой деятельности (законопроектной и иной) на различных уровнях и в различных сферах государственной службы.

Для ОВД проблема квалифицированных, высокопрофессиональных кадров является давней, а в последние годы отмечается тенденция увеличения кадрового дефицита. Кроме того, специфика практической деятельности ОВД, в том числе сложившаяся под воздействием проблемных факторов сложных этапов развития полицейской системы, связана с устойчивой нехваткой юристов высокой квалификации (специалистов в сфере правотворчества).

Юридические подразделения ОВД в период, когда штатные должности в них были аттестованными, формировались в основном из числа действующих сотрудников. Ситуация изменилась после разаттестации данных подразделений, когда штаты стали комплектоваться преимущественно гражданскими государственными служащими с опытом работы по юридической специальности. Однако следует отметить различный уровень юридической квалификации таких специалистов и большую неустойчивость (сменяемость) кадрового состава юридических подразделений. Нельзя не указать и на отсутствие у подавляющего большинства работников юридических подразделений ОВД опыта в сфере правового мониторинга.

Таким образом, в системе ОВД необходимо создать инфраструктуру профессиональной подготовки (переподготовки, повышения квалификации) сотрудников, задействованных в сфере правового мониторинга. В целях подготовки профессиональных кадров должен быть решен вопрос о включении в образовательную программу ведомственных организаций образования МВД учебной дисциплины «Основы правотворческой деятельности и правового мониторинга в системе ОВД». Данную учебную дисциплину целесообразно преподавать в виде спецкурса на выпускных курсах факультетов очного, заочного обучения (четвертом году обучения слушателей), а также в рамках повышения квалификации и профессиональной переподготовки. Считаем также целесообразным организовать центр профессиональной переподготовки и повышения квалификации специалистов в сфере правового мониторинга на базе факультета (института) повышения квалификации и переподготовки кадров в одной из академий МВД. Наряду с этим, в целях подготовки и повышения квалификации кадров, на наш взгляд, целесообразно провести специализацию и аттестацию сотрудников юридических подразделений уполномоченных органов по проведению правового мониторинга, обеспечить стажировку соответствующих специалистов в Центре правового мониторинга.

Назрел вопрос и о необходимости привлечения к дисциплинарной ответственности соответствующих должностных лиц за некачественное проведение правового мониторинга, возможности стимулирования труда сотрудников, осуществляющих правовой мониторинг, путем материального и иного рода поощрений, разработав при этом систему мер сдерживания узкоспециализированных кадров на занимаемых должностях для сокращения сменяемости кадров в сфере правового мониторинга.

Кроме того, в целях повышения эффективности системы правового мониторинга и уровня подготовки специалистов целесообразно предусмотреть возможность вовлечения в мониторинговый процесс уполномоченного по правам человека, поскольку по результатам рассмотрения жалоб граждан о нарушении прав и свобод он, будучи самостоятельным субъектом, выявляет несовершенство правовой системы как в области законодательного обеспечения гарантий соблюдения и защиты прав и свобод человека и гражданина, так и в сфере организа-

ции правоприменения. Подобного рода двухстороннее сотрудничество окажет положительное влияние на процесс правового мониторинга.

Таковы, на наш взгляд, основные направления совершенствования вопросов кадрового обеспечения правового мониторинга в ОВД.

## ТҮЙІН

Мақалада ішкі істер органдары жүйесіндегі құқықтық мониторингті жүзеге асыратын тұлғалардың кәсіби дайындық деңгейін арттыруға байланысты мәселелерге назар аударылған. Авторлар аталған мәселелерді шешудің нақты жолдарын ұсынады.

## RESUME

In the real article attention is accented on the questions, related to the increase of level to professional preparation of persons carrying out the legal monitoring in the system organs of internal affairs. Authors offer the certain ways of decision of mark problems.

ӘОЖ 340.11

**С. С. Түсіпбеков, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы**

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БІРҚАТАР МӘСЕЛЕЛЕР

*Аннотация. Мақалада автор Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың ұсынатын қызметінің алуан түрлілігіне қарамастан, олардың басты мақсатын, яғни, ел азаматтары мен жалпы қоғамның өмір сапасын жақсарту барысындағы бірқатар өзекті мәселелерді қарастырған.*

*Түйін сөздер: үкіметтік емес ұйымдар, азаматтар, құқық, халық, қоғам, демократия, әлеуметтік, зайырлы, тұжырымдама, коммерциялық, эволюция, партия, кәсіподақ.*

Ең алдымен «Үкіметтік емес ұйымдар» ұғымына қысқаша анықтама бере кетейік. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2000 жылғы 24 қазандағы «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға қадам» атты халыққа арналған Жолдауында алғаш рет үкіметтік емес ұйымдар туралы: «Бүгінде Қазақстандағы үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарының құқық қорғау қызметінде де, тұрғындардың ерекше қызығушылықтарын дамыту саласында да, қоғамды әлеуметтік қалыптастыруда да атқаратын рөлі өте маңызды»<sup>1</sup>, — деп ерекше атап өткен болатын. Мемлекет басшысының бұл пікірі елімізде үкіметтік емес ұйымдарды дамытудың жаңа сапалы кезеңінің белсенділігін оятты.

2002 жылы Үкімет қаулысымен үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың Тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың мақсаты мен басымдықтарын, оларды жүзеге асырудың тетіктері мен деңгейін айқындады. 2003 жылы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның мақсаты — Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұрақты дамуына жағдай туғызу және мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау мен өзара іс-қимыл негізінде олардың қоғамдағы әлеуметтік маңызды мәселелерді шешудегі рөлін арттыру болып табылады. Тиісті өңірлік бағдарламалар бекітілген. Бүгінгі таңда облыстар және Астана, Алматы қалалары әкімдерінің жанында билік пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын орнықтыратын кеңестер, ал орталық атқару органдарында салалық үкіметтік емес ұйымдар қатысуларымен консультативтік-кеңестік органдар

құрылып, қызмет етуде. Қазіргі уақытта, елімізде барлық әлеуметтік маңызды салалардың жұмысын жүзеге асыратын 5000-ға жуық үкіметтік емес ұйым қызмет етеді.

Сонымен, үкіметтік емес ұйымдар дегеніміз — қандай ұйымдар? Бұл сұраққа жауап беру үшін 2005 жылғы 12 сәуірдегі «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының № 36 Заңының 1-ші бабына көз салайық. Онда үкіметтік емес ұйымға мынадай анықтама берілген: «7) үкіметтік емес ұйым – ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда)»<sup>2</sup>.

Яғни, үкіметтік емес ұйымдар деп коммерциялық емес ұйымдарды айтады. Ал коммерциялық емес ұйымдар деп қандай ұйымдарды айтамыз? Оны білу үшін 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының № 142 Заңының 2-ші бабын оқып көрейік. Онда былай жазылған: «Кіріс түсіру негізгі мақсаты — табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады».

Аталған Заңның 2-ші тарауында коммерциялық емес ұйымдардың мынадай ұйымдық-құқықтық нысандары атап көрсетілген:

«8-бап. Мекеме

1. Құрылтайшысы басқару, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін құрған және қаржыландыратын ұйым мекеме деп танылады. Мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікке құқығы азаматтық заңдарға сәйкес айқындалады.

2. Меншік нысанына байланысты мекемелер мемлекеттік және жеке меншік мекемелер болып бөлінеді.

10-бап. Жеке меншік мекеме

1. Басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар құрған, мемлекеттік құрылымның бөлігі болып табылмайтын ұйым — жеке меншік мекеме деп танылады.

2. Жеке меншік мекеменің мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

3. Жеке меншік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда мемлекеттік емес мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауапты болады.

11-бап. Қоғамдық бірлестік

